

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Акилтаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контекстінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Э.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

педагог кадрларын даярлау мазмұны тек пәндік және әдістемелік біліммен шектелмей, ата-анамен педагогикалық серіктестік орнатуға бағытталған кәсіби құзыреттермен толықтырылуы қажеттілігі негізделді.

Ұсынылған әдістемелік жүйе болашақ мұғалімнің отбасы әлеуетін білім беру ресурсы ретінде қабылдауын қалыптастырып, оқу әрекетін мектептен тыс кеңістікте жалғастыра алатын педагогикалық ойлауын дамытады. Нәтижесінде мұғалім тек білім жеткізуші емес, оқушының оқу ортасын біріктіруші ұйымдастырушы ретінде қалыптасады. Бұл өз кезегінде баланың тұрақты оқу мотивациясының пайда болуына, оқу тәжірибесінің жүйелілігіне және оқырмандық сауаттылықтың қалыптасуына жағдай жасайды.

Зерттеу қорытындылары болашақ мұғалімді даярлау үдерісінде отбасы факторын ескеру бастауыш білім сапасын арттырудың маңызды шарты екенін көрсетеді. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына отбасымен жұмысқа бағытталған арнайы мазмұн енгізу, практикалық бағыттылықты күшейту және серіктестікке негізделген кәсіби тәжірибе ұйымдастыру қажеттілігі айқындалды.

Осылайша, мұғалім-оқушы-ата-ана өзара әрекетіне негізделген кәсіби даярлық болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқырмандық сауаттылықты қалыптастырудағы нәтижелілігін қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық алғышарт болып табылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман //Түркістан газеті, 2025.
2. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris: OECD Publishing, 2021.
3. Mullis, I. V. S., Martin, M. O., Foy, P., & Hooper, M. PIRLS 2016 International Results in Reading. Boston College: TIMSS & PIRLS International Study Center, 2024.
4. Нұралин, Е. Ж., Қайнарбекова, А. Б. Отбасы педагогикасы және баланың оқу мотивациясы. Алматы: Білім баспасы, 2023.
5. Баймұхамбетова, Ж. С. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық сауаттылығын дамыту әдістемесі //Қазіргі педагогика, №3, 2024. – С. 45-53.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Оқуға құштар мектеп жобасы: әдістемелік нұсқаулық. Астана: Білім министрлігі, 2025.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрланқызы Диана

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
diananurlankyzy23@gmail.com

Андатпа. Бұл мақалада жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері қарастырылған. Жұмыста мотивацияның теориялық негіздері, оның жеке тұлғаның дамуы мен оқу іс-әрекетіне әсері зерттелген. Сонымен қатар, оқушылардың мотивациясын дамытуға ықпал ететін негізгі факторлар мен әдістер талданған. Мақалада жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастырудың жолдары ұсынылған.

Abstract. This article examines the psychological and pedagogical features of the academic motivation of adolescents. The theoretical foundations of motivation and its impact on the development of personality and learning activities are explored. The article also analyzes the main factors and methods that influence the development of students' motivation. Based on age characteristics, the article suggests ways to effectively organize the learning process.

Кілтті сөздер: оқу мотивациясы, жеткіншек жастағы оқушылар, психологиялық ерекшеліктер, педагогикалық әдістер, жас ерекшеліктері.

Оқу мотивациясы білім алу процесіндегі маңызды психологиялық фактор болып табылады, өйткені ол оқушының оқу әрекеттеріне деген ынтасын, тұрақтылығын және табандылығын анықтайды. Оқу мотивациясының зерттелуі жеке тұлғаның білім алуға деген

қызығушылығын түсінуге, оқу жетістіктерін болжауға және оқу қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір оқушының оқу мотивациясының деңгейі оның тұлғалық ерекшеліктерімен, эмоционалды жағдайымен, әлеуметтік ортадағы ықпалдармен және оқу процесінің ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. Осыған орай, оқу мотивациясының дамуындағы психологиялық факторларды зерттеу маңызды ғылыми міндет болып табылады.

Жеткіншек жастағы оқушылардың мотивациясы, әсіресе, олардың психологиялық және әлеуметтік дамуына тікелей ықпал етеді. Бұл жаста тұлғаның дүниетанымы қалыптасып, өз іс-әрекетіне деген ішкі ынта мен жауапкершілігі пайда бола бастайды. Осы кезеңде оқу мотивациясы оқушының тұлғалық мақсаттары мен оқу тапсырмаларына деген қызығушылығына негізделеді. Сонымен қатар, жеткіншек жаста оқу мотивациясы әлеуметтік факторлардың әсеріне де сезімтал болып келеді, себебі бұл кезеңде өзге адамдардың бағасы мен әлеуметтік қолдау маңызды рөл атқарады.

Маслоу қажеттіліктері теориясы мотивацияның қалыптасуын түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Бұл теорияға сәйкес, адамдардың қажеттіліктері бірнеше деңгейге бөлінеді, оның ішінде ең жоғарғы деңгейде адамның өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі тұрады. Жеткіншек жастағы оқушылардың оқу мотивациясы көбінесе әлеуметтік қажеттіліктермен, яғни құрметке, танымалдыққа, топтық шеңберге кіруге деген ұмтылыспен байланысты болады. Оқушылардың оқу мотивациясы әлеуметтік ортаның ықпалын қабылдай отырып, өз мақсатын айқындайды, мұнда отбасылық және мектептік факторлардың маңызы зор [1].

Деци және Райанның өзін-өзі анықтау теориясы бойынша, оқу мотивациясы ішкі және сыртқы екі маңызды компонентке бөлінеді. Ішкі мотивация – бұл оқушының ішкі қызығушылығымен байланысты болып, оны оқуға тартатын ынтаны қалыптастырады, ал сыртқы мотивация – бұл оқу процесінде белгілі бір нәтижелерге, мысалы, баға немесе әлеуметтік қолдауға жету үшін қажет ынта. Оқушының ішкі мотивациясы оның білімге деген терең қызығушылығы мен өзінің оқу жетістіктеріне жетудегі табандылығын арттырады. Бұл теория бойынша, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артқан сайын олардың оқу нәтижелері де жоғары болады [2].

Оқу мотивациясының құрылымын зерттеуде академиялық мотивацияның жеке компоненттері мен олардың даму кезеңдері арасында байланыс бар екені анықталған. Оқушылардың ішкі мотивация деңгейі жоғары болады, өйткені олар өздерінің оқу мақсаттарын айқындап, жеке қызығушылықтары мен кәсіби мақсаттарына негізделген оқуды таңдайды. Бастапқы және орта сынып оқушыларының оқу мотивациясы көбінесе сыртқы факторлармен, атап айтқанда мұғалімдердің бағалауы, ата-аналардан алған қолдауымен тығыз байланысты болады [3].

Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың оқу мотивациясы маңызды психологиялық аспект ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқушының оқу мотивациясын арттыруға бағытталған арнайы талаптар мен стандарттар бекітілген. Бұл стандарттар оқушылардың жеке және әлеуметтік дамуына әсер ететін оқу ортасын ұйымдастыруды, мотивацияны арттыруға бағытталған әдістерді енгізуді көздейді. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, оның ішінде оқушылардың оқу мотивациясын қолдауға бағытталған ережелерді қамтиды [4].

Жеткіншек жастағы оқушылардың оқу мотивациясын дамытуда оқытушылардың психологиялық қолдауы мен әлеуметтік ортаға ықпал ету үлкен маңызға ие. Оқу процесінде оқушының мотивациясы оның өзіндік дамуымен қатар, мектептік және отбасылық қолдаудың арқасында қалыптасады. Оқу процесін ұйымдастыруда ішкі мотивацияға басымдық беру оқушының білімге деген тұрақты қызығушылығын арттырады, бұл олардың оқу жетістіктеріне ықпал етеді.

Оқу мотивациясы қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл процесс оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін және оқу іс-әрекетіне қатысуын арттырады. Алайда, қазіргі уақытта оқу мотивациясын арттыруға қатысты бірқатар мәселелер бар, олар білім беру жүйесінің тиімділігін төмендетеді. Осы

мәселелерді шешу үшін педагогика мен психология саласында жаңа әдістер мен тұжырымдамалар қажет.

Оқу мотивациясының әлсіздігі жиі кездесетін мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген оқушылар білім алу процесіне тек сыртқы ынталандырулар арқылы қатысады, мысалы, жоғары бағалар алу немесе ата-аналардың мақұлдауын алу үшін.

Кесте – 1. Оқу мотивациясының дамуына байланысты мәселелер мен шешімдер

№	Мәселе	Шешім
1	Ішкі мотивацияның әлсіздігі (сирек қызығушылық)	Ішкі мотивацияны арттыру үшін қызығушылыққа негізделген тапсырмалар, жобалық оқыту енгізу
2	Әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі	Әлеуметтік қолдауды күшейту, ата-аналармен ынтымақтастық, психологиялық қызметтердің жұмысын нығайту
3	Педагогикалық әдіс-тәсілдердің жаңартылмауы	Интерактивті әдістерді қолдану, жобалық оқыту, проблемалық оқыту әдістерін енгізу
4	Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен мотивациялық әдістердің жетіспеушілігі	Мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыру, мотивациялық тренингтер өткізу
5	Жеткіншек жастағы оқушылардың ішкі ынта мен қызығушылығын дамыту	Оқушылардың білімге деген тұрақты қызығушылығын дамыту, жеке қызығушылықтар мен мақсаттарды ескеру

Ішкі мотивацияның болмауы оқушылардың ұзақ мерзімді оқу қызығушылығы мен табандылығын төмендетеді. Ішкі мотивацияның дамуында маңызды рөл атқаратын фактор – оқушылардың жеке қызығушылықтары мен мақсаттары. Егер оқушылардың білім алу үдерісі олардың ішкі қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына негізделсе, бұл олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Оқушылардың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы мен білім алу мақсаттарына жетуге деген ынтасы ішкі мотивацияны күшейтеді. Сонымен қатар, білім беру процесінде оқушыларға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін тапсырмалар мен жобалар беру олардың оқу мотивациясын арттырады.

Әлеуметтік факторлардың, әсіресе ата-аналар мен мұғалімдердің қолдауының оқу мотивациясына әсері үлкен. Жеткіншек жастағы оқушылар үшін әлеуметтік қолдау, мектептегі құрдастары мен мұғалімдерінің қолдауы өте маңызды. Әлеуметтік ортадағы қолдау оқушылардың өз қабілеттеріне деген сенімін арттырып, олардың оқу мотивациясын күшейтеді. Оқушылардың оқу мотивациясы көбінесе олардың әлеуметтік ортасынан, яғни мұғалімдердің олардың жетістіктеріне деген көзқарасынан және ата-аналардың қолдауынан тәуелді болады. Әлеуметтік қарым-қатынастардың, әсіресе мұғалімдер мен құрдастардың қолдауының оқу мотивациясына маңызды ықпал ететіні көрсетілген [5].

Білім беру жүйесінде оқу мотивациясының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін жаңарту қажет. Дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуда жеткіліксіз болып қалуы мүмкін. Қазіргі уақытта оқушылардың ішкі мотивациясын арттыруға бағытталған проекттік оқыту мен проблемалық оқыту әдістері көбірек қолданылуы тиіс. Оқушылардың белсенді қатысуын талап ететін әдістер, олардың білімге деген қызығушылығын арттырады және оқу үдерісіне белсенді қатысуға ықпал етеді. Жобалық әдіс оқушылардың ынтасын арттырады және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын нығайтады [6].

Қазақстандық зерттеушілер оқу мотивациясын білім беру сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырады. Қазіргі мектеп жағдайында жүргізілген зерттеулерде оқу мотивациясы оқушылардың танымдық белсенділігімен, оқу жетістіктерімен және білім алуға деген тұрақты қызығушылығымен тікелей байланысты екендігі көрсетіледі. Зерттеулер нәтижесі бойынша, оқу мотивациясы жоғары оқушыларда оқу тапсырмаларын орындауда жауапкершілік деңгейі жоғары, академиялық табандылық айқын және оқу нәтижелері тұрақты болады. Сонымен қатар, мотивация тек сыртқы бақылау

немесе бағалау жүйесіне ғана емес, оқушының жеке мақсаттары мен ішкі ұстанымына негізделуі тиіс екендігі атап көрсетіледі [7].

Қазақстан мектептері жағдайында жүргізілген эмпирикалық зерттеулер эмоционалдық интеллект пен оқу мотивациясы арасында оң байланыс бар екенін дәлелдейді. Эмоционалдық интеллект деңгейі жоғары оқушыларда ішкі мотивация айқынырақ байқалады, олар жетістікке ұмтылуға бейім және оқу үдерісінде белсенділік танытады. Бұл көрсеткіштер сынып және жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отыратыны анықталған. Аталған зерттеу нәтижелері оқу мотивациясын дамытуда психологиялық қолдаудың және тұлғалық даму факторларын ескерудің маңыздылығын көрсетеді [8].

Қазақстандық авторлар жеткіншек жастағы оқушылардың білім беру мотивациясының құрылымын талдай отырып, оның құрамына жетістікке ұмтылу, оқу мазмұнына қызығушылық, өзін-өзі реттеу қабілеті, әлеуметтік мақұлдау қажеттілігі сияқты компоненттер кіретінін айқындайды. Зерттеулерде ішкі және сыртқы мотивтердің өзара ықпалдастығы тұрақты мотивациялық құрылымды қалыптастыруға мүмкіндік беретіні, ал тек сыртқы бақылауға негізделген оқыту ұзақ мерзімді нәтижеге жеткізбейтіні көрсетіледі. Бұл тұжырымдар мектеп тәжірибесінде мотивацияны кешенді дамыту қажеттігін дәлелдейді [9].

Оқу мотивациясын арттыруда психологиялық қолдаудың да маңызы зор. Оқушылардың ішкі мотивациясын арттыру үшін білім беру процесінде психологиялық аспектілерді ескеру қажет. Психологиялық қолдау оқушылардың өз мүмкіндіктеріне сенімін арттырып, оқу процесіне белсене қатысуына септігін тигізеді. Оқушылардың оқу мотивациясына әсер ететін әлеуметтік және психологиялық факторларды ескеріп, арнайы қолдау бағдарламаларын енгізу маңызды. Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы бірлескен жұмыс оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға көмектеседі.

Оқу мотивациясын арттыру үшін бірнеше маңызды шаралар қабылдау қажет. Біріншіден, ішкі мотивацияны дамыту үшін оқушыларға жеке қызығушылықтарына сәйкес келетін тапсырмалар мен жобалар ұсыну қажет. Бұл оларға оқу процесіне белсене қатысуға, сондай-ақ білім алу барысында шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобалық оқыту мен шығармашылық іс-шаралар оқушылардың оқу мотивациясын арттырады, себебі олар өздерінің білімін өмірде қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Әлеуметтік қолдаудың маңызы да зор. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін ата-аналар мен мұғалімдердің тұрақты психологиялық қолдауы қажет. Мектепте психологиялық қызметтердің жұмысын күшейтіп, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту маңызды. Бұл оқушылардың оқу процесінде өздерін сенімді әрі қолайлы сезінуіне көмектеседі, сонымен қатар олардың оқу мотивациясын арттырады.

Педагогикалық әдіс-тәсілдерде жаңарту енгізу де өте маңызды. Дәстүрлі оқыту әдістері қазіргі заманда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жеткіліксіз. Сондықтан оқытудың интерактивті әдістерін, жобалық оқытуды және проблемалық оқытуды енгізу оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Бұл әдістер оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуіне, өз пікірлерін білдіруіне мүмкіндік береді, бұл оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады.

Мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыру қажет. Мұғалімдер үшін педагогикалық психология мен мотивациялық әдіс-тәсілдер бойынша тренингтер мен курстар ұйымдастыру, мұғалімдерге оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді әдістерді қолдануға үйрету керек. Бұл мұғалімдерге оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін жаңа әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақстанның білім беру жүйесі де осы мәселелерді шешуге бағытталған реформалар енгізуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы оқу мотивациясын дамыту үшін психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету мәселелерін қамтиды. Бұл құжатта оқу мотивациясын арттыру үшін оқушылардың қажеттіліктерін ескеретін білім беру стандарттары белгіленген. Осы стандарттар

оқушылардың оқу мотивациясын дамытуға арналған педагогикалық және психологиялық шараларды енгізуге негіз болып табылады [4].

Аталған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыруды көздейді, бұл өз кезегінде оқушының тек білімді меңгеруін ғана емес, сонымен қатар оның танымдық белсенділігін, дербестігін және рефлексиялық қабілеттерін дамытуды мақсат етеді. Стандарт мазмұнында білім алушының жеке ерекшеліктерін, жас кезеңдік даму заңдылықтарын және әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктерін ескеру қажеттілігі атап көрсетіледі. Бұл талаптар жеткіншек жастағы оқушылардың ішкі мотивациясын қалыптастыруға бағытталған тұлғалық-бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың нормативтік негізін құрайды.

Жаңартылған білім мазмұны критериалды бағалау жүйесін енгізу арқылы оқу жетістіктерін бағалаудың айқын әрі әділ тетіктерін қамтамасыз етеді. Бағалаудың бұл түрі оқушының оқу барысындағы ілгерілеуін көрсетуге, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл сыртқы бақылауға ғана емес, ішкі жауапкершілік пен өзіндік жетістікке ұмтылуға негізделген мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді. Қорытындылай келе, оқу мотивациясын арттыруда көптеген проблемалар мен қиындықтар бар, бірақ оларды шешудің жолдары бар. Ішкі мотивацияны дамыту, әлеуметтік қолдау көрсетуді күшейту, оқытудың заманауи әдістерін енгізу және мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыру арқылы оқу мотивациясын көтеруге болады. Бұл оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етіп, оқушылардың білім алуына деген қызығушылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мельничук, М. В. Психология подростков и молодёжи. — М.: Изд-во "КноРус", 2012. 344 с.
2. Çelik, O. Academic motivation in adolescents: the role of parental autonomy support, psychological needs satisfaction and self-control / O. Çelik // *Frontiers in Psychology*. 2024. Vol. 15. Art. 1384695. DOI:10.3389/fpsyg.2024.1384695. URL: <https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2024.1384695/full>
3. Affuso, G., Zannone, A., Esposito, C. et al. The reciprocal effects of learning motivation, perceived academic self-efficacy and academic performance in adolescence: a four-wave longitudinal study / G. Affuso, A. Zannone, C. Esposito и др. // *European Journal of Psychology of Education*. 2025. Vol. 40. Article 6. DOI:10.1007/s10212-024-00900-y. URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10212-024-00900-y>
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 1-қосымша «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» // Әділет Республикалық заң ақпараттық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
5. Shao, Y., Kang, S., Lu, Q., Zhang, C., & Li, R. How peer relationships affect academic achievement among junior high school students: The chain mediating roles of learning motivation and learning engagement / Y. Shao et al. // *BMC Psychology*. 2024. Vol. 12, Art. 278. DOI:10.1186/s40359-024-01780-z. URL: <https://link.springer.com/article/10.1186/s40359-024-01780-z>
6. Kramer, A.-W., Huizenga, H. M., Van Duijvenvoorde, A. C. K., Krabbendam, L. Do I want to learn today? Day-to-day variations in adolescents' academic motivation and effort / A.-W. Kramer и др. // *Learning and Motivation*. 2023. Art. 101957. DOI:10.1016/j.lmot.2023.101957.
7. Учебная мотивация как один из показателей качества образования в современных школах: количественно-качественный анализ // *Universum: психология и образование*. 2023. № 3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-motivatsiya-kak-odin-iz-pokazateley-kachestva-obrazovaniya-v-sovremennyh-shkolah>
8. Taibolatov K. M., Pfeyfer N. E., Burdina E. I., Kudysheva A. A., Bolatov A. K. The role of emotional intelligence on academic motivation of schoolchildren in Kazakhstan // *Frontiers in Education*. 2024. DOI: 10.3389/educ.2024.1265946

9. Нурғалиева М. К., Булатбаева А. А., Есенова К. А., Рамазанова С. А. Особенности образовательной мотивации подростков в условиях школы Республики Казахстан // Педагогика и просвещение. 2023. № 4. URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=37623

ҒЫЛЫМАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ: ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Кәрімова Аружан Едресқызы
arukarimova24@gmail.com

«Педагогика және психология» ББ 1 курс магистранты, Ы.Алтынсарин ат. АрПУ, Арқалық, Қазақстан

Аннотация. Мақала жоғары оқу орындарындағы ғылыми коммуникацияның жағдайын цифрлық білім беру трансформациясы жағдайында кешенді талдауға арналған. Scopus және Web of Science деректер базасындағы (2018–2025) соңғы зерттеулер негізінде ғылыми, студенттер мен қоғам арасындағы коммуникациялық тәжірибелердің негізгі трендтері, басты қиындықтары және жетілдіру перспективалары қарастырылды. Ғылыми коммуникацияның трансформациясы үш негізгі бағытта жүзеге асырылатыны анықталды: жасанды интеллектті интеграциялау, ашық ғылымды дамыту және салалықаралық өзара әрекеттестікті күшейту. Жоғары оқу жүйесінде білім беру бағдарламаларын және коммуникациялық стратегияларды жетілдіруге арналған практикалық ұсыныстар ұсынылды.

Түйін сөздер: ғылыми коммуникация, жоғары оқу орны, цифрлық трансформация, жасанды интеллект, ашық ғылым, салалықаралық өзара әрекеттестік, коммуникативтік құзыреттер.

Abstract. The article is devoted to a comprehensive analysis of the state of scientific communication in higher education institutions in the context of digital transformation in education. Based on recent studies from the Scopus and Web of Science databases (2018–2025), it examines key development trends, major challenges, and prospects for improving communication practices among researchers, students, and society. Three main directions of transformation were identified: integration of artificial intelligence, development of open science, and enhancement of interdisciplinary collaboration. Practical recommendations are proposed for improving educational programs and communication strategies in the higher education system.

Keywords: scientific communication, higher education, digital transformation, artificial intelligence, open science, interdisciplinarity, communicative competencies.

КІРІСПЕ

Ғылыми коммуникация қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі, ол ғалымдардың, оқытушылар мен студенттердің әртүрлі аудиториялармен тиімді білім алмасу қабілетін анықтайды. Жаһандық цифрландыру және ғылыми білімнің даму қарқынын жеделдету жағдайында коммуникациялық құзыреттердің рөлі Академиялық қоғамдастық өкілдерінің кәсіби және жеке дамуы үшін маңызды.

Зерттеудің өзектілігі үш негізгі факторға байланысты: аспиранттар мен жас ғалымдардың ғылыми-коммуникациялық құзыреттіліктерін дамытуға сұраныстың артуы, бұл әлемнің жетекші университеттерінде тиісті білім беру бағдарламаларын ұсынудың кеңеюімен, цифрлық технологиялардың әсерінен білім беру кеңістігінің өзгеруімен, тиімді ғылыми коммуникацияны ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктер мен жаңа сын-қатерлер туғызумен және жасанды байланыс жүйелерінің интеграциясымен расталады.

Зерттеу мақсаты: жоғары мектептегі ғылыми коммуникацияның қазіргі жағдайын кешенді талдау және білім беру жүйесінің технологиялық және әлеуметтік трансформациясы жағдайында оның даму перспективаларын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Жоғары білім контекстінде ғылыми Коммуникацияны дамытудың негізгі тенденцияларын анықтау;

2. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің коммуникациялық тәжірибеге әсерін талдау;